

**Ауыл шаруашылығы тауарларының жекелеген түрлеріне қатысты Еуразиялық экономикалық одақтың Бірыңғай кедендік тарифінің кедендік әкелу баждарының мөлшерлемелерін белгілеу туралы**

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2016 жылғы 22 наурыздағы № 25 шешімі.

2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарттың 42 және 45-баптарына сәйкес Еуразиялық экономикалық комиссияның Алқасы шешті:

1. Қосымшаға сәйкес ауыл шаруашылығы тауарларының жекелеген түрлеріне қатысты Еуразиялық экономикалық одақтың Бірыңғай кедендік тарифінің (Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің 2012 жылғы 16 шілдедегі № 54 шешіміне қосымша) кедендік әкелу баждарының мөлшерлемелері белгіленсін.

2. Еуразиялық экономикалық одақтың Бірыңғай кедендік тарифіне (Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің 2012 жылғы 16 шілдедегі № 54 шешіміне қосымша) ескертпелер мынадай мазмұндағы 68С – 70С ескертпелермен толықтырылсын:

"68С) Кедендік құнның 5 %-ы мөлшеріндегі кедендік әкелу бажының мөлшерлемесі Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2016 жылғы 22 наурыздағы № 25 шешімі күшіне енген күннен бастап 2017 жылғы 31 мамырды қоса алғандағы аралықта қолданылады.

"69С) Кедендік құнның 5 %-ы мөлшеріндегі кедендік әкелу бажының мөлшерлемесі Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2016 жылғы 22 наурыздағы № 25 шешімі күшіне енген күннен бастап 2019 жылғы 31 мамырды қоса алғандағы аралықта қолданылады.

"70С) Кедендік құнның 0 (нөл) %-ы мөлшеріндегі кедендік әкелу бажының мөлшерлемесі Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2016 жылғы 22 наурыздағы № 25 шешімі күшіне енген күннен бастап 2019 жылғы 31 мамырды қоса алғандағы аралықта қолданылады".

3. Осы Шешім ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік 30 күн өткен соң күшіне енеді.

*Еуразиялық экономикалық комиссия  
Алқасының Төрағасы*

*Т. Саркисян*

Еуразиялық экономикалық  
комиссия Алқасының  
2016 жылғы 22 наурыздағы  
№ 25 шешіміне  
ҚОСЫМША

**Еуразиялық экономикалық одақтың Бірыңғай кедендік тарифінің кедендік әкелу баждарының МӨЛШЕРЛЕМЕЛЕРІ**

СЭҚ ТН коды	Позиция атауы	Кедендік әкелу бажының ставкасы (кедендік құннан пайызбен, не евромен, не А Қ Ш долларымен)	0704 10 000 0	– түрлі-түсті қырыққабат және брокколи	11 <sup>68С)</sup>
0704 20 000 0	– брюссель қырыққабаты	13 <sup>69С)</sup>			
0802 51 000 0	– – қабықтағы	5 <sup>70С)</sup>			
0802 52 000 0	– – қабығынан тазартылған	5 <sup>70С)</sup>			
0804 10 000 0	– құрма	5 <sup>70С)</sup>			
0806 20 100 0	– – коринка	5 <sup>70С)</sup>			
0806 20 300 0	– – султана	5 <sup>70С)</sup>			
0806 20 900 0	– – басқалары	5 <sup>70С)</sup>			

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК